Б.Д. Бапанова
Ш.Б. Құнанбаева

https://doi.org/10.52967/3007-6528.2023.1.235.244

Баян Дайырбекқызы Бапанова[1], bayan_d@mail.ru,
Шолпан Боранбайқызы Құнанбаева[2], sholpan-127@mail.ru
[1] Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты,
Алматы қ., Қазақстан;
[2] Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің
«Бозоқ» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы»
Астана қ., Қазақстан

Шығыс Жетісудағы Таусамалы кешенінің археологиялық ескерткіштері*

Мақалада Жетісу облысы, Ақсу ауданында орналасқан Таусамалы археологиялық кешеніне жүргізілген зерттеу жұмыстарының мәліметтері берілді. Кешеннің құрамында қола дәуірінен бастап этнографиялық уақытқа дейінгі аралықты қамтитын он жеті археологиялық ескерткіш анықталды. Кешенде 2019-2022 жылдар аралығында ғылыми зерттеулер жүргізілді. Таусамалы қорымындағы он бір обаға қазба жұмыстары жүргізілді. Зерттеу жұмыстары барысында Қаракүнгей және Қайраққөл тауларынан петроглифтердің үлкен топтары ашылып, зерттеле бастады. Негізгі нысандар, оның ішінде екі қорым, қоныс орны, таңбалар мен таңба тәрізді белгілер шоғырланған петроглифтері бар киелі орындар б.д.д. I мыңж. екінші жартысы және соңымен мерзімделетін ескерткіштер. Ескерткіштер тобы белгілі бір жүйені құрайды, олар қазіргі кезеңде жергілікті халық айналысатын дәстүрлі шаруашылық жүйесімен байланысып жатыр. Қоныс Ақсу өзенінің төменгі сағасынан орын алған, қорымдар тау жоталарына жақын тұста, жаз мезгіліндегі тұрғын жайлар Суық үстіртінде, Қайраққөл тауындағы жартастарда таңба және таңба түріндегі белгілер орналасқан.

Түйін сөздер: кешен, ескерткіштер, археология, Шығыс Жетісу, қорым, қоныс, петроглифтер

Баян Даирбековна Бапанова[1],
Шолпан Боранбаевна Кунанбаева[2]
[1]Институт археологии им. А. Х. Маргулана,
г. Алматы, Казахстан;
[2]Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
Государственный историко-культурный музей-заповедник « Бозок»
г. Астана, Казахстан

Археологические памятники комплекса Таусамалы в Восточном Жетысу

В статье приводятся данные исследования археологического комплекса Таусамалы, расположенного в Аксуском районе Жетысуской области. В составе комплекса выявлено семнадцать археологических памятников, датирующихся от эпохи бронзы до этнографического времени. На комплексе в 2019 и 2022 гг. проводились научные исследования. На могильнике Таусамалы раскопано одиннадцать курганов. За период исследования обнаружены и начаты исследования больших групп скоплений петроглифов в горах Каракунгей и Кайракколь. Основные объекты, в том числе два могильника, поселение, святилища с петроглифами тамг и тамгообразных знаков в составе скоплений датируются второй половиной – концом I тыс. до н.э. Памятники образуют определенную систему, они связаны с традиционным хозяйственным циклом, который частично практикуется местным населением и на современном этапе. Поселенческий памятник расположены ниже конуса выноса

© 2023 г. Бапанова Б.Д., Кунанбаева Ш.Б.

**Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі, Ғылым комитетінің гранты ЖТН AP14869290*

реки Аксу, могильники ближе к горной гряде, летние пастбища, в основном на плато Суук в горах Кайракколь, помечены тамгами и тамгообразными знаками.

Ключевые слова: комплекс, памятники, археология, Восточное Жетысу, могильник, поселение, петроглифы

Bayan Bapanova[1],
Sholpan Kunanbayeva [2]
[1]Margulan Institute of Archaeology,
Almaty, Kazakhstan;
[2] Ministry of Culture and sports of the Republic of Kazakhstan
State historical and Cultural Museum-Reserve" Bozok"
Astana, Kazakhstan

Archaeological sites of the Tausamaly complex in East Zhetysu

The article presents data from a study of the Tausamaly archaeological complex, located in the Aksu district of the Zhetysu region. As part of the complex, seventeen archaeological sites dating from the Bronze Age to ethnographic time have been identified. At the complex in 2019 and 2022 scientific research was carried out. Eleven burial mounds have been excavated at the Tausamaly burial ground. During the study period, large groups of petroglyphs in the Karakungey and Kairakkol mountains were discovered and started research. The main objects, including two burial grounds, a settlement, sanctuaries with petroglyphs of tamgas and tamga-like signs in the clusters, date back to the second half – the end of the 1st millennium BC. Monuments form a certain system, they are connected with the traditional economic cycle, which is partially practiced by the local population at the present stage. The settlement monument is located below the alluvial fan of the Aksu River, burial grounds are closer to the mountain range, summer pastures, mainly on the Suuk plateau in the Kairakkol mountains, are marked with tamgas and tamga-shaped signs.


Keywords: complex, monuments, archaeology, East Zhetysu, burial ground, settlement, petroglyphs

Таусамалы археологиялық кешені Жетісу облысының Ақсу ауданына қарасты Таусамалы ауылының аумағында және Жансүгіров ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 1,5 км жерде, Жоңғар Алатауы тау жүйесіне кіретін Қайрақкөл тауының солтүстік сілемінде орналасқан. Кешен құрамына екі обалар қорымы, қоныс және петроглифтер шоғыры кіреді. Ескерткіштер қола дәуірінен бастап орта ғасырға дейінгі кезеңмен мерзімделеді. Кешендегі алғашқы зерттеу жұмыстарын 2019–2022 жж. ЖШС «Археологиялық экспедицияның» ғылыми қызметкерлері жүргізді. 2022 жылы Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты Таусамал археологиялық отряды ескерткіштегі зерттеу жұмыстарын жалғастырды (1-сур.).

1. Таусамалы қорымы

Ескерткіш Ақсу өзенінің Қапал-Арасан ойпатына құяр сағасындағы Қайрақкөл жотасының шатқалын алып жатыр. Жотаның сақталып қалған бөлігі шатқалдың сағасынан солтүстікке қарай біршама төмен еңіс, етегі кеңейіп жатқан жайпақ алаңқай. Қорым аумағы жер бедері ерекшеліктеріне сәйкес үш жағынан қоршалған – батыс және оңтүстік жақтарынан Қайрақкөл жотасының тік жар тәрізді сілемдері қоршап жатыр (812,8 м), батыс бөлігін Ақсу өзені мен Қаракүнгей жотасының сілемдері қоршап орналасқан (705,1 м дейін). Қорым аумағының негізгі бөлігі Ақсу өзенінің оң жағалауында және Алматы – Өскемен тас жолының оңтүстігінде, солтүстік-шығыс – оңтүстік-батыс ось бойымен созылып жатыр. Қорымның солтүстік-шығыс – оңтүстік-батыс бағыттағы ұзындығы – 1,4 км. Сотлтүстік-батыс бөліктегі топтан шығыс топтың шетіне дейінгі енінің ең кең тұсы 450 м.

Кешен құрамында 122 оба, құрбандық орындары, бағаналар тастар (балбалдар) және тағыда басқа қосымша құрылыс орындары бар. Жерлеу кешені әркелкі орналасқан 18 тізбектен, шағын тізбектерден және топтардан тұрады. Тізбектер 2 және 4 обадан құралуы мүмкін. Ең ірі тізбектердің құрамында 14 обаға дейін болуы мүмкін. Обалар Қайрақкөл жотасының батыс беткейіндегі жер бедерінің ыңғайына сәйкес аздап доғал түрінде шоғырланған. Обалар тізбектері арасынан бірнеше метр қашықтықты сақтай отырып



1-сур. Кешен мен ескерткіштердің орналасқан жері: 1 – Таусамалы; 2 – Қайрақкөл I; 3 – Таусамалы; 4 – Қайрақкөл II; 5 – Ақсу I; 6 – Ақсу II; 7 – Ақсу III; 8 – Суық I; 9 – Суық II; 10 – Қарасай I; 11 – Қарасай II; 12 – Суық III; 13 – Суық үстірті; 14 – Қаракүнгей; 15 – Қаракүнгей II; 16 – Қаракүнгей III; 17 – Қаракүнгей таулары. 1, 2, 4, 12, 14 – қорымдар; 3 – елді мекен; 5–7, 10, 11, 13, 17 – петроглифтер шоғыры; 8, 9, 15 – обалар тобы; 16 – жалғыз оба

Fig. 1. Location of complexes and monuments: 1 – Tausamaly; 2 – Kayrakkol I; 3 – Tausamaly; 4 – Kayrakkol II; 5 – Aksu I; 6 – Aksu II; 7 – Aksu III; 8 – Suyk I; 9 – Suyk II; 10 – Karasai I; 11 – Karasai II; 12 – Suyk III; 13 – Suyk plateau; 14 – Karakungey; 15 – Karakungey II; 16 – Karakungey III; 17 – Karakungey Mountains. 1, 2, 4, 12, 14 – burial grounds; 3 – settlement; 5–7, 10, 11, 13, 17 – cluster of petroglyphs; 8, 9, 15 – kurgan groups; 16 – a single kurgan


Рис. 1. Расположение комплексов и памятников: 1 – Таусамалы; 2 – Кайраккол I; 3 – Таусамалы; 4 – Кайраккол II; 5 – Аксу I; 6 – Аксу II; 7 – Аксу III; 8 – Суык I; 9 – Суык II; 10 – Карасай I; 11 – Карасай II; 12 – Суык III; 13 – плато Суык; 14 – Каракунгей; 15 – Каракунгей II; 16 – Каракунгей III; 17 – горы Каракунгей. 1, 2, 4, 12, 14 – могильники; 3 – поселение; 5–7, 10, 11, 13, 17 – скопление петроглифов; 8, 9, 15 – курганные группы; 16 – одиночный курган

қатарласа орналасқан. Қорымдағы шығыс топтың обалары солтүстік сілемді батыс-шығыс бағытымен созыла орналасқандығымен ерекшеленеді.

Қорымда жерлеу құрылыстарының негізгі үш типі анықталды: 1) орталық үйіндіні айнала шеңбер немесе төртбұрыш пішінде қоршаған тас сақиналары бар обалар; 2) ұсақ малта тастардан тығыз үйілген үйіндісі бар, қосымша бөлшек құрылысы жоқ обалар; 3) іргесінде тастардан қаланған шеңбері және орталық бөлігінде тас қаландысы бар обалар. Дөңгелек пішінді қоршаулары бар бірінші типтегі обалар қорымда ең көп таралған, ал шағын тізбектердегі әртүрлі типтегі обаларда белгілі бір жүйе байқалмайды.

Обалардың қосымша құрылыстарының құрылымдарын төрт түрге бөлуге болады: 1) қоршаулар-үйіндіден белгілі бір қашықтықта, екі қатар тастардан тізілген, шығыс және батыс бөлігінде тізбектің үзілген тұстары байқалады; 2) баған тастардың тізбегі; 3) құрбандық орындары: жұмыр тастардан шеңбер, сопақша немесе үшбұрыш пішінде жасалған; 4) кешенге кіреберісті білдіретін – екі, үш тас түрінде орнатылған белгілер, үйіндінің шығыс бөлігінде қоршау тізбекке кіреберісте орын алған (2-сур.).

2019–2022 жж. қорым аумағында 11 оба зерттелді. № 1 және 2 обаларда б.д.д. I мыңж. екінші жартысына тән Пазырық және басқада көршілес бірқатар археологиялық мәдениеттерде байқалатын жерлеу ғұрпымен ұқсастық белгілері анықталды [Ярыгин, Ильдеряков 2021: 23–39]. №32, 33, 95 обалары Жетісудың бірқатар ескерткіштермен және құлажорға мәдениетінің обаларына біршама жақын. Түрген ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 35 км жердегі, Қызылбұлақ шатқалында орналасқан Түрген II археологиялық кешеніндегі Қызылбұлақ IV қорымының № 2 обасын көшпелілердің қатардағы кісіге арнап жасаған жерлеу орны деп қарауға болады. Тас үйінділі обаның диаметрі 7 м, биіктігі 0,5 м. Екі қатар тізбек қоршаудың диаметрі 11 м,



2-сур. Таусамалы қорымы
Fig. 2. Tausamaly burial ground
Рис. 2. Могильник Таусамалы

үйіндіден 10 метр қашықтықты орналасқан. Тізбекті қоршаудың шығыс және батыс бөліктерінде үзік жерлері бар. Ағаштың сынық қалдықтарына жасалған радиокөміртектік талдау б.д.д. 408–200 жж. көрсетті [Горячев 2007: 3–14]. Шалкөде жайлауында, теңіз деңгейінен 2150–2300 м. биіктікте орналасқан Қатартөбе қорымын сол қоғамның элитасына арналған ескерткіштер қатарына жатқызуға болады [Оңғаруұлы және т.б. 2020: 61–63; 315–317]. Шығыс Қазақстандағы Семей қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 40 км жерде, Семей тау етегінде орналасқан Қотырбұлақ обалар тобындағы жүргізілген зерттеулерден алынған материалдар мысал бола алады. Обалар тобы екі үйіндіден тұрады. № 1 оба пішіні тіктөртбұрышты, өлшемдері 11×14 м, биіктігі 0,8 м. Үйіндіні айнала қоршаған екі қатар тас тізбегі жасалған, оның батыс бөлігінде ашық тұсы бар. Ескерткіш б.д.д. III–I ғ. мерзімделген, алдыңғы ескерткіштерден кейін зерттелген [Айткали және т.б. 2016: 26–33]. № 90 және 94 обалардың құрылымдық ұқсастықтары бар ескерткіштер Тыва жеріндегі ерте темір дәуірінің обаларынан алынған материалдарда кездеседі [Итоговый отчет 2022]. Сонымен, Таусамалы қорымындағы зерттелген обалардың негізгі бөлігі б.д.д. I мыңж. екінші жартысымен мерзімделеді.

2. Қайраққөл I қорымы

Қайраққөл жотасының солтүстік баурайында, Таусамалы қорымынан оңтүстік-шығысқа қарай 500 м жерде, тау бөктерінен бастау алған кең сайдың екі жағында орналасқан. Қорым алаңқайының көлемі 200×200 м. Қорымда 50-ге жуық обалар бар. Оба үйінділері топырақтан үйілген, іргесінде тастардан қаланған шеңбер және жоғарғы бөлігінде тас қаланды бар. Үйінділердің орташа диаметрі 5 м, биіктігі 0,5 м. Қорым екі-үш обалардан құралған ықшам топтардан тұрады. Олар сайдың бойын жағалай солтүстіктен оңтүстікке қарай бағыттала орналасқан. Шамамен ерте темір дәуіріне тән ескерткіш. Таусамалы қорымының шығыс бөлігіндегі обалар тобында үйіндісінің типі және құрамы бір келкі обалар шоғырланған.

3. Таусамалы қонысы

Таусамалы ауылынан шығысқа қарай 1,7 км жерде, зираттың және Алматы-Өскемен тас жолының солтүстігінде орналасқан. Қоныстан оңтүстік-шығысқа қарай 200 м. жерде саз қазып алатын карьер бар. Қоныстың көлемі шамамен 200×500 м. Маусымдық сулар ағатын арналармен қоршалған орманды тегіс жоталарды алып жатыр. Қоныстың беткі қабатынан ретсіз жатқан әртүрлі қыш ыдыс сынықтары және дән үккіштердің



3-сур. Таусамалы қонысы
Fig. 3. The Tausamaly settlement
Рис. 3. Поселение Таусамалы

қалдықтары табылды. 2022 жылы қоныс аумағында 1×2 м көлемінде стратиграфиялық шурф қазылды. Мәдени қабатының тереңдігі 1 м жетті. Қазба нәтижесінде саз кірпіш қалдықтары, ұсақталған мал сүйектерінің қалдықтары және қыш ыдыс сынықтары табылды. Жотаның оңтүстік беткейіндегі мүйістің орталық бөлігінде көмір қалдықтары мен құрылыс орындарының нобайы байқалады. Қоныстың оңтүстік-батыс шетінде диаметрі 4 м, тереңдігі 1 метрге жететін ойық шұңқырлар бар. Алдын ала жасалған талдауларға қарағанда қыш ыдыстар б.д.д. I мыңж. екінші жартысымен мерзімделеді (3-сур.).

4.Қайрақкөл қорымы II

Таусамалы қонысының солтүстік-батыс шетінде орналасқан. Үйінділері топырақтан үйілген диаметрі 5 м, биіктігі 0,6 м. Батыс шығыс бағытымен созыла орналасқан. Төрт обадан тұрады. Ерте темір дәуірінен орта ғасырға дейінгі аралықпен мерзімделеді.

5. Ақсу I петроглифтер шоғыры

Суық үстіртіне баратын тау асуының кіре беріс сағасында, Таусамалы қорымынан шығысқа қарай 100 м жерде орналасқан. Петроглифтер жартастардың екі беткейін алып жатыр. Петроглифтер шоғырының бірінші тобы оңтүстік беткейде, алаңқайдың ұзындығы 100 метрге жуық. Шоғырдың орталық бөлігінде таңбалар және таңба тәрізді белгілері Таусамалы ғибадатханасы орналасқан. Оның аумағы 15×30 м. Таңба тәрізді бес белгі көлденең тұрған беткейде орналасқан, ол көлемді жалпақ тақта түрінде еңістің ортасында көлденең орналасқан. Бір белгі шоғырдың төменгі бөлігіндегі көлденең тұрған шағын беткейге салынған және тағы бір белгі жотаның етегіндегі тік беткейге салынған. Төрт таңба жартастың жоғарғы жиектеріне бедерленген. Көлденең жартас жазықтығында бейнеленген суреттер арасында екі таңба бедерленген. Оңтүстікке бағыттала тік орналасқан көлемді жартас бетіне және батысқа бағытталып тік орналасқан жартас бетіне бір-бірден таңбалар бедерленген. Солтүстік беткейде орналасқан петроглифтердің екінші тобының ұзындығы 250 м. Оның құрамында тау ешкі, арқар бейнелері, таңбалар мен геометриялық бейнелер бар екендігі анықталды. Петроглифтер қола дәуірінен бастап орта ғасырға дейінгі аралықпен мерзімделеді [Ярыгин 2020: 1034–1047].

6. Ақсу II петроглифтер шоғыры

Таусамалы қорымынан оңтүстікке қарай 0,5 км жерде орналасқан. Ландшафтық ерекшеліктерге үйлескен негізгі екі топқа бөлінген. Бейнелердің ең үлкен шоғыры тау етегіндегі бірінші топта орналасқан. Тау ешкілер, бұғылар, ит ерткен садақшылардың аңшылық құру көрінісі, жалғыз жарым адам бейнелері, мазмұнын түсіндіру мүмкін емес пішіндер сынды – жекелеген 30-ға жуық кескіндерден құралған ірі көлемді панно түрінде жасалған. Панно өзен жаққа, батысқа бағытталған тік жартасты алып жатыр. Одан солтүстікке қарайғы жартаста бұғының ірі етіп бейнеленген бейнесі анықталды. Сурет салынған жартас мұнда да батысқа бағытталған. Екінші топ жотаның жоғарғы бөлігінде орналасқан. Мұнда қола дәуірінің белгілерінен және ерте темір дәуірінің петроглифтерінен құралған көп бейнелі композиция бейнеленген. Орталық бөлігінде бұғыға мінген шабандоз бейнесі бар, ол өз кезегінде сақина түріндегі екі бейнемен қиюласып жатыр. Жанында ұзартылған трапеция түріндегі пішін бар. Оның іргесінде екі ит бейнеленген. Осы композиция ішінен әбзелдерімен бейнеленген екі ат жегілген күйме суреті анықталды. Қатар орналасқан жартас бетінен кеуде бөлігі үш бұрыш тәрізді бейнеленген көлемді бұғы бейнесі анықталды, оның екі мүйізі тік сызықша етіп бейнеленген және ұштары «шырша» түрінде тармақталған. Қатар жатқан енсіз жартастарда түсініксіз пішіндер, тау ешкілер және жылқы бейнелері анықталды. Осы бейнелердің солтүстігінде аңшылық көрініс бейнеленген. Композиция солтүстік-батысқа бағытталған шағын жартаста бедерленген. Суретте ирек сызықтар арқылы бейнеленген тау ешкілер, олардың оң жағына иттің бейнесі және төменгі бөлігінде садақ ұстаған адам бейнесі бедерленген. Садақшы бейнесі сызу және нүктелеп ұру әдісін қатар пайдаланып жасалған, ал қалған суреттің барлығы нүктелеп ұру мәнерінде бедерленген [Ярыгин 2020: 1034–1047].

7. Ақсу III петроглифтер шоғыры

Таусамалы қорымынан оңтүстікке қарай 1,5 м жерде, Ақсу өзенінің су қоймасына құяр жеріндегі иірімінен пайда болған мүйіс қалдықтары мен дөңгелектелген жартастарда орналасқан. Әртүрлі көптеген петроглифтердің, тау ешкілер мен архарлардың дәстүрлі бейнелері, антропоморфты кескіндер мен тостаған тәрізді ойық шұңқырлар арасынан идеограмматикалық белгілердің күрделі үйлесімімен жасалған үш сурет көзге түседі. Ең ірі бейне күрделі лабиринт тәрізді жасалған, ол қиюласқан сызықтардан құралған, циркульді белгілер, салт атты адам, жануарлар және түсініксіз

кескіндерден құралған. Мерзімі қола дәуірінен бастап орта ғасырға дейінгі аралықты қамтиды [Ярыгин, Ильдеряков 2022: 193–207].

8. Суық I обалар тобы

Жансүгіров ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 3,9 км жерде, Суық үстіртіне баратын асуда орналасқан. Ескерткіш тас үйіндіден тұратын екі обадан құралған, олар бір-бірінен 12 метр қашықтықта солтүстік-оңтүстік бағытымен орналасқан. Бірінші обаның диаметрі 5 м, биіктігі 0,3 м. Екінші обаның диаметрі 4 м, биіктігі 0,2 м. Екі үйіндінің де жоғарғы бөлігінде ықтасын үшін кейінгі уақытта қаланған тастар бар. Шамамен ерте темір дәуірінен бастап орта ғасырларға дейінгі уақытпен мерзімделеді.

9. Суық II обалар тобы.

Жансүгіров ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 4,3 км жерде орналасқан. Дала жол екіге бөліп жатыр. Үйінді тастардан үйілген, пішіні дөңгелек және қимасы жайпақ. Диаметрі 8 м, биіктігі 0,4 м. Шығысындағы үйіндінің жоғарғы бөлігінде этнографиялық кезеңнің жерелеу орны «оба» бар. Мерзімі ерте темір дәуірінен орта ғасырлар аралығы.

10. Қарасай I петроглифтер шоғыры

Таусамалы ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 2,7 км жерде, Қарасай шатқалының сағасынан оңтүстікке қарай 1,6 км жерде орналасқан. Петроглифтер шығыс тармақтағы шатқалдың солтүстік жоталардың оңтүстік беткейлерін алып жатыр. Алаңқайдың ұзындығы шамамен 120 м. Мұнда тау ешкілер, аңшылық көріністер мен аңшылық белгілері, аттылы адамдар мен эскиз түріндегі арбалардың бейнелері кездеседі. Ерте темір дәуірінен бастап орта ғасырға дейінгі аралықпен мерзімделеді.

11. Қарасай II петроглифтер шоғыры


Таусамалы ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 2,4 км, Қарасай I шоғырынан оңтүстік-батысқа қарай 280 метр жерде шатқалдың сулы шалғынды тұсында орналасқан. Ескерткіш орталық бөлігінде қолдарын созып тұрған антропоморфты тұлғаның бейнесі бар, аяғы ауыр әйелдер бейнеленген және жануарлардың сызбалық кескіндері түріндегі шағын бейнелер тобынан құралған. Көріністе тұтастай алғанда ежелгі тұрғындардың дүниетанымы мифологиялық сипатта бейнеленген. Шамамен қола дәуіріне ерте темір дәуіріне дейінгі аралықпен мерзімделеді.

12. Суық III қорымы

Ескерткіш Суық үстіртіндегі жазық алқапта, Жансүгіров ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 6,1 км жерде орналасқан. Қорымның солтүстік бөлігінен дала жолы өтіп жатыр. Қорым Қарасай шатқалының шыға берісіне қарама-қарсы орналасқан, шатқалдың



4-сур. Суық III қорымы
Fig. 4. Suyk III burial ground
Рис. 4. Могильник Суык III



5-сур. Суық үстіртіндегі петроглифтер: 1 – арқар бейнелері; 2 – ортасында жыртқыш мысықтың өгізге шабуыл жасағаны бейнеленген көп фигуралы композиция; 3 – аттылар мен маралдардың бейнелері

Fig. 5. Petroglyphs of the Suyk plateau: 1 – images of argali; 2 – a multi-figure composition depicting a scene of an attack by a feline predator on a bull in the central part; 3 – images of horsemen and marals

Рис. 5. Петроглифы плато Суык: 1 – изображения архаров; 2 – многофигурная композиция с изображением сцены нападения кошачьего хищника на быка в центральной части; 3 – изображения всадников и маралов

шыға берісінде 50-ден астам обалар және құрылымдық ерекшеліктері бар жерлеу ескерткіштері шоғырланған. Қорымдар арасындағы ара-қашықтық 4 шақырым. Суық үстіртіндегі қорымның айналасы жергілікті жер бедерінің ерекшеліктеріне сай Қайрақкөл тауларының жоталарымен үш шеті қоршалған, ал батыс бөлігі жайпақ еңісті жазықпен шектесіп жатыр. Қорым алып жатқан алқап көлемі 228×348 м. Қорымда 12 оба белгіленді. Обалардың үйіндісі тасты-топырақтан үйілген, дөңгелек пішінді қимасы созылыңқы. Обалардың үйіндісі 7–30, биіктігі 1,5 м. Обалардың негізгі бөлігінің өзіндік архитектуралық ерекшелігі байқалады. Орталық бөлігі тегіс алаңқай айнала үйінді жалмен қоршалған. Орталық алаңқайда жиегіне тастар бекітілген, жоғарғы бөлігінде тас қаландылары бар тағы бір үйінді орналасқан. Обалардан батысқа және шығысқа қарай сопақша, дөңгелек және үшбұрыш пішінді тас қаландылар орналасқан. Обалар ретсіз орналасқан екі тізбекке біріккен. Обалар тобының батысында этногрфиялық кезеңнің зираттары орналасқан (4-сур.).

13. Суық үстіртіндегі петроглифтер шоғыры

Үстірттің оңтүстік шетіндегі жартастардың беттерін толықтай дерлік топтасып шоғырланған және шашыраңқы орналасқан петроглифтер алып жатыр. Көптеп салынған бейнелердің арасынан аңшылардың, садақшалардың бейнесін, тұрмыстық бейнелерді және аңшылық көріністерін кездестіруге болады. Жануарлардың бірнеше түрі: тау ешкілер, ар-

харлар, бұғылар, бұқалар, жылқылар, түйелер және мысық тұқымдас жыртқыштар, құстар, кесірткелер және айдаһар бейнесі бедерленген. Сонымен қатар, таңбалар және таңба тәрізді белгілер, күн таңбасы, белгі түріндегі бейнелер кездеседі. Петроглифтер мерзімі қола дәуірінен бастап этнографиялық кезеңге дейінгі мерзімді қамтиды және әркелкі мәнерде бедерленген (5-сур.) [Ярыгин, Ильдеряков 2022: 193–207].

14. Қаракүнгей қорымы

Ескерткіш Жансүгіров ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 1,4 км және Таусамалы ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 580 м, Ақсу өзенінің сол жағалауында, Қаракүнгей жотасынан солтүстікке қарай 60 метр жерде орналасқан. Қорым ескерткіштері қатты бұзылған, диаметрі 7 метрге дейін, биіктігі 0,3 метр болатын тастан-топырақтан үйілген бес оба тіркелді. Шамамен мерзімі ерте темір дәуірі.

15. Қаракүнгей II обалар тобы

Ескерткіш Жансүгіров ауылынан оңтүстікке қарай 2,2 км және Гасфорт асуына баратын жолдан шығысқа қарай 203 км жерде, Қаракүнгей жотасының батыс сілемінің тегіс беткейінде орналасқан. Обалар тобы солтүстік-шығыс – оңтүстік-батыс бағытта созылып жатыр. Үйінділер арасындағы қашықтық 10 м. Диаметр 11–12 м, биіктігі 1 м. Үйінділер арасынан жайлаудағы құрылыс орындарының қалдықтарына баратын дала жолы өтіп жатыр, еңістен 600 м. төмен жерде. Мерзімі ерте темір дәуірінен орта ғасырларға дейінгі аралықты қамтиды.

16. Қаракүнгей III жалғыз обасы

Ескерткіш Жансүгіров ауылынан оңтүстікке қарай 2,8 км жерде орналасқан. Оба тастан үйілген, пішіні дөңгелек, қимасы жарты шар тәрізді. Диаметрі 6 м, биіктігі 1,1 м. Қаракүнгей жотасының Ақсу өзені ағысына қарай еңіс болып жатқан шығыс баурайында орналасқан. Ерте темір дәуірінен бастап орта ғасырларға дейінгі аралықпен мерзімделеді.

17. Қаракүнгей тауының шығыс шетіндегі петроглифтер шоғыры

Ескерткіш Жансүгіров ауылынан оңтүстікке қарай 3 км жерде орналасқан. Ескерткіш жеке, топтасқан және композициялар түрінде бедерленген бейнелерден құралған. Петроглифтердің барлығы жартастардың оңтүстік секторға қарай бағытталып тұрған тегіс беткейлерінде орналасқан. Жартас бетіне адамдар бейнесі, жануарлар: тау ешкі, мысық тұқымдас жыртқыштар, бұғы, қоян, кесіртке, бұқа, түйе, ит және жылқы бейнелері бедерленген. Аңшылық бейнесі, үй тұрмысы, көшіп-қону барысы және сауда керуені бейнеленген. Барлығы бейнелер тобының негізгі алты шоғыры анықталды. Бейнелердің негізгі бөлігі тұтастай дөрекі түрде ұрып бедерлеу мәнерінде жасалған. Бейнелер жалпы алғанда қола дәуірінен бастап орта ғасырларға дейінгі аралықтағы кезеңдермен мерзімделеді.

«Археологиялық экспедиция» ЖШС және Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының Таусамалы археологиялық отрядының жүргізген далалық жұмыстары нәтижесінде қарастырылған аймақтан шамамен 17 археологиялық ескерткіш: бес қорым, үш обалар тобы, жалғыз оба, бір қоныс орны, Ақсу өзені жағасындағы петроглифтердің үш шоғыры, Қарасай шатқалынан петроглифтердің екі шоғыры, Қайрақкөл және Қаракүнгей тауларындағы петроглифтердің бірнеше шоғыры мен топтарын қоса есептегенде екі орын анықталды. Ескерткіштер мерзімі қола дәуірінен бастап этнографиялық кезеңге дейінгі аралықты қамтиды, дегенмен олардың басым бөлігі – ерте темір дәуіріне тән және сабақтасып жатқан тарихи-мәдени жүйені құрайтындығы анық.

ӘДЕБИЕТ

Айткали А.К., Жунисханов А.С., Бесетаев Б.Б. Курганы второй половины I тыс. до н.э. горного массива Семейтау // Саки и савроматы Казахских степей: контакт культур. Сб. науч. статей, посвящ. памяти археолога Бекена Нурмуханбетова. Алматы: ИА КН МОН РК, 2016. С. 26–33.

Горячев А.А. Могильник раннего железного века археологического комплекса в верховьях ущелья Тургень // Известия НАН РК. Сер. обществ. наук. 2007. № 1. С. 3–14.

Итоговый научный отчет за 2022 г. о выполненных научно-исследовательских работах по проекту: «Исследование памятников пазырыкской культуры в Алматинской области». Т. I. Основная часть. Алматы: ТОО Археологическая экспедиция, 2022. 94 с.

Онгарулы А., Пен Енхван, Нам Санвон, Каирмагамбетов А., Ким Енхен, Нускабай А., Кызырханов М. Катартобе. Некрополь сакской элиты Жетысу. Нур-Султан; Тэджон, 2020. 464 с.

Шульга П.И. Раскопки могильника Тавдушка на Катуни // Алтай в кругу евразийских древностей / Отв. ред. А.П. Деревянко, В.И. Молодин. Новосибирск: ИАЭт СО РАН, 2016. С. 253–272.

Ярыгин С.А. Новые тамги и знаки в отрогах хребта Кайракколь // Мир Большого Алтая. 2020. № 6 (3). С. 1034–1047.

Ярыгин С.А., Ильдеряков Н.Н. Погребение «пазырыкского типа» на могильнике Таусамалы // Народы и религии Евразии. 2021. Т. 26. № 2. С. 23–39. DOI: 10.14258/nreur(2021)2-02

Ярыгин С.А., Ильдеряков Н.Н. Петроглифы «восточного» облика в горах Кайракколь и долине реки Аксу // Нижневолжский археологический вестник. 2022. Т. 21. № 1. С. 193–207. DOI: 10.15688/nav.jvolsu.2022.1.10

REFERENCES

Aitkali, A. K., Zhuniskhanov, A. S., Besetaev, B. B. 2016. In: *Saki i savromaty Kazakhskikh stepey: kontakt kultur (Saks and Sarmatians of the Kazakh Steppes: cultural contacts)*. Almaty: Margulan Institute of Archaeology, 26–33 (in Russian).

Goryachev, A. A. 2007. In: *Izvestiya NAN RK. Seriya obsch. nauk (News of National Academy of Sciences RK. Series of Social Sciences)*, 1, 3–14 (in Russian).

Itogovyi nauchnyi otchet za 2022 g. O vypolnennykh nauchno-issledovatelskikh rabotakh po proektu: "Issledovanie pamyatnikov pazyrykskoy kultury v Almatinskoy oblasti". T. I. Osnovnaya chast (Final Scientific Report for 2022 on Completed Research under the Project: "Study of monuments of the Pazyryk culture in Almaty Region". Vol. I. Main Part.). 2022. Almaty: LLC "Archaeological Expedition" (in Russian).

Onggaruly, A., Pen Enkvan, Nam Sanwon, Kairmagambetov, A., Kim, Enkhen, Nuskabay, A., Kyzyrkhanov, M. 2020. *Katartobe. Nekropol sacksloy elity Zhetysu (Katartobe. Necropolis of the Saka Elite in Jetysu)*. Nur-Sultan; Taejon (in Russian).

Shulga, P. I. 2016. In: Derevyanko, A. P., Molodin, V. I. (eds.). *Altai v krugu evraziyskikh drevnostey (Altai among the Eurasian antiquities)*. Novosibirsk: Institute of Archaeology and Ethnography SB RAS, 253–272 (in Russian).

Yarygin, S. A. 2020. In: *Ulken Altai Alemi (World of Great Altay)*, 6 (3), 1034–1047 (in Russian).

Yarygin, S. A., Ilderyakov, N. N. 2021. In: *Narody i religii Evrazii (Nations and Religions of Eurasia),* 26 (2), 23–39 (in Russian).

Yarygin, S. A., Ilderyakov, N. N. 2022. In: *Nizhnevolzhskiy arkheologicheskiy vestnik (The Lower Volga Archaeological Bulletin)*, 21 (1), 193–207 (in Russian).

Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу. Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді. / Раскрытие информации о конфликте интересов. Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов. / Disclosure of conflict of interest information. The authors claim no conflict of interest.
Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.
Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 28.03.2023.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 28.04.2023.
Авторлар жұмысқа бірдей үлес қосты. / Авторы внесли равноценный вклад в работу. / The authors have made an equal contribution to the work.